орыс тілінде - республиканское государственное учреждение "Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Восточно-Казахстанской области".

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен

мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары:

- 1) тұтынушылардың құқығын қорғау саласында біртұтас және тиімді саясатты қалыптастыру;
  - 2) ішкі сауданы дамыту және реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.
14. Құқықтары мен міндеттері:
- 1) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан, реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;
  - 2) реттелетін саладағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру;
  - 3) жеке және заңды тұлғалар тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сауда қызметін реттеу саласындағы органдардың лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе ұйғарымдарды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;
  - 4) реттелетін саладағы аумақтық бөлімшелер мен ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға өз құзыретінің шегінде консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;
  - 5) реттелетін саладағы мәселелер бойынша білімді насихаттау;
  - 6) өз құзыретінің шегінде консультативтік-кеңесші және сараптау комиссияларын құру;
  - 7) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;
  - 8) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;
  - 9) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу ;
  - 10) Министрлік және сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеттері басшылығының жетекшілік ететін бағыттар бойынша нұсқаулары мен тапсырмаларын орындауға міндетті;
  - 11) Департаменттің ішкі сауда саласындағы қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажет болған жағдайда ішкі сауда саласындағы есептік деректерді Сауда комитетіне ұсыну;
  - 12) Департаменттің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажет болған жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы есептік деректерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне ұсыну;
  - 13) жеке және заңды тұлғалардың хабарламаларды, ұсыныстарды, үн қосуларды, сұрау салуларды және жолданымдарды тыңғылықтылықпен, мұқияттылықпен қарау;



14) Департамент жұмысында "халық үніне құлақ асатын мемлекет" моделінің қағидаттарын іске асыру, Департаменттің азаматтар мен азаматтық қоғам институттары үшін қолжетімді болу;

14-1) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінен, олардың қауымдастықтарынан (одақтарынан) тұтынушылар шағымдарының саны және мазмұны, сондай-ақ жарғылық мақсаттарда өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат ұсыну бойынша сұрау салулар жолдайды;

15) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 17.07.2023 № 281-НҚ бұйрығымен.**

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін әзірлеу;

3) сауда инфрақұрылымын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржалары және биржалық сауда қызметінің мәселелері бойынша ақпарат жариялау;

5) сауда қызметін дамыту, сондай-ақ тауарларды өндіру және сату үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізуге бастамашылық ету, қатысу және оларды ұйымдастыру.

7) мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен реттелетін саладағы мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

8) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

9) реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың, жобалардың, стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

10) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

11) мемлекеттік органдар қабылдаған реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

12) реттелетін саладағы, бюджетті жоспарлау және орындау, бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

13) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының сақталуын жоспардан тыс тексеру және "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын бұзу фактілері бойынша мемлекеттік органдардан, тұтыну дауларын сотқа дейін реттеу субъектілерінен, тұтынушылардың заңды мүдделерінің өкілдерінен, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алынған ақпарат пен есептілік негізінде бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу ;

15) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен тұтынушылардың құқықтарын қорғау, сауда салаларында хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ әкімшілік жазалар қолдану;

16) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды, заңды тұлғаларды Департаментке шақыру;

17) статистикалық есептілікті әзірлеу және Мемлекеттік статистика органдарына табыс ету;

17-1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау нысанында Қазақстан Республикасы сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

17-2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағаларды белгілеу туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

17-3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бөлшек сауда бағаларын белгілеу туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде әлеуметтік

маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізілетін мемлекеттік бақылау субъектілерінің тізімін қалыптастыру;

17-4) бұзушылық анықталған жағдайда мемлекеттік бақылау субъектісіне (объектісіне) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу қорытындылары бойынша жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою туралы нұсқама беру;

17-5) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларына мониторинг жүргізу;

17-6) мемлекеттік органдардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

17-7) оннан астам тұтынушының нақ сол бір мәселе бойынша құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда тұтынушылардың белгіленбеген тобының құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сотқа жүгінеді;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен аумақтық органдарға жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 21.04.2023 № 145-НҚ; 17.07.2023 № 281-НҚ бұйрықтарымен.**

### **3-тарау. Департамент қызметін ұйымдастыру кезіндегі басшысының мәртебесі және өкілеттігі**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

4) басқа мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүдделерін білдіреді;

5) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

6) Департаменттің жұмыс жоспарын бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарының сақталуына дербес жауапты болады.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

19. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден сатып алынған мүлік (ақшалай табысты қосқанда) есебінен қалыптасады.

20. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Департаментке өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен айыруына немесе өзге тәсілмен билік жүргізуіне жол берілмейді.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Сауда және интеграция министрінің  
2022 жылғы " " желтоқсандағы  
№ бұйрығына  
21-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция министрінің  
міндетін атқарушының  
2019 жылғы 25 шілдедегі  
№ 7 бұйрығына  
қосымша

#### **"Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқығын қорғау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі**

##### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқығын қорғау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Комитет) өз құзыреті шегінде тұтынушылардың құқығын қорғау саласында басшылықты және реттеуді жүзеге асыратын, салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Комитеттің заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 2-кіреберіс.

9. Комитеттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;  
орыс тілінде - республиканское государственное учреждение "Комитет по защите прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Комитеттің функциясы болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында Комитетке кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынасқа түсуге рұқсат етілмейді.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары: тұтынушылардың құқығын қорғау саласында біртұтас және тиімді саясатты қалыптастыру.

#### 14. Комитеттің құқықтары:

1) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша ақпаратты сұрату және алу;

2) тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру;

3) Министрліктің аумақтық органдардың негізгі қызмет, республикалық бюджетті жоспарлау және атқару мәселелері жөніндегі жұмысын үйлестіру;

4) жеке және заңды тұлғалар тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы органдар мен бөлімшелердің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

5) реттелетін салада Министрліктің аумақтық органдар мен ұйымдарға, заңды және жеке тұлғаларға Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әдіснамалық және консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

6) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;

7) тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша консультациялық-кеңес беру және сараптамалық комиссиялар құру;

8) өз құзыреті шегінде құқықтық актілер шығару;

9) Министрліктің аумақтық органдарынан Министрліктің және Комитеттің бұйрықтары мен тапсырмаларының уақтылы және дәл орындалуын талап етуге құқығы бар;

10) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

11) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Комитеттің міндеттеріне:

1) Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен заңмен қорғалатын мүддесін сақтау;

3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер дайындау;

4) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар бұл туралы ресми сұрау салған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну;

5) Комитеттің балансындағы мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету кіреді;

6) статистикалық есептілікті әзірлеу және Мемлекеттік статистика органдарына табыс ету;

7) Комитетке бөлінген бюджеттік қаражаттың толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

10) реттелетін салада Қазақстан Республикасының заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

11) жеке және заңды тұлғалардың хабарламаларды, ұсыныстарды, үн қосуларды, сұрау салуларды және жолданымдарды тыңғылықтылықпен, мұқияттылықпен қарау;

12) Комитет жұмысында "халық үніне құлақ асатын мемлекет" моделінің қағидаттарын іске асыру, Комитеттің азаматтар мен азаматтық қоғам институттары үшін қолжетімді болу;

13) тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша білімді насихаттау.

15. Функциялары:

1) тұтынушылардың құқығын қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) тұтынушылардың құқығын қорғау саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

3) тұтынушылардың құқығын қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

4) тұтынушылардың құқығын қорғау саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

5) тұтынушылардың, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы келіп түсетін шағымдарына, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Мемлекеттік органдардың және тұтыну дауларын сотқа дейін реттеу субъектілерінің қызметіне талдау жүргізу;

6) мемлекеттік органдарға өздері осы Заңды және тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұза отырып қабылдаған шешімдердің күшін жою туралы ұсыныстар (ұсынымдар) енгізу;

7) өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерінде тұтынушыларды хабардар етуді, оларға консультация беруді, құқықтық сауаттылығын арттыруды жүзеге асыру;

8) бір мәселе бойынша оннан астам тұтынушының құқығы бұзылған жағдайда тұтынушылардың белгісіз бір тобының құқығын қорғау мәселелері бойынша сотқа жүгіну;

9) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

10) зерттеулер, ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және тұтынушыларға өкілдік ету қызметтері мәселелері бойынша халыққа консультациялық көмек көрсету бойынша Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, іске асыру мониторингін және оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

12) тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану жөніндегі қағидаларды әзірлеу;

13) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңесте талқыланған тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижелері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын баяндаманы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын ұсынуды қамтиды;

14) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңестің қызметін қамтамасыз ету;

15) тұтыну дауларын сотқа дейін реттеу субъектілерінің тізбесін әзірлеу;

16) тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін және оның мобильдік нұсқасын қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

17) тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

18) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар.

### **3-тарау. Комитет қызметін ұйымдастыру кезіндегі төрағаның мәртебесі мен өкілеттігі**

16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын Комитеттің төрағасы жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет Төрағасының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;



2) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

3) еңбек қатынастары мәселелері жоғары мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлеріне демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы және сыйақы төлеу, іссапарлар, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілік мәселелерін шешеді;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің мүддесін білдіреді;

6) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлық әрекеттердің туындауына ықпал ететін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе әрекеттер белгіленген жағдайларда бұл туралы Министрліктің басшылығына хабарлайды;

8) Комитет қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

9) Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қолданады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау үшін дербес жауапты болады;

10) республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру және мемлекеттік сатып алу саласында қызметті жүзеге асыру үшін дербес жауапты болады;

11) жеке және заңды тұлғалардың тексеру нәтижелері бойынша актілерге, бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларға және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларға шағымдарын қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді өз орынбасарларына береді;

12) Министрліктің басшысына құрылымы мен штат санының лимиті бойынша ұсыныстар береді;

13) Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына басшылық жасап, өз функцияларының орындалуын қамтамасыз етеді ;

14) оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Комитет төрағасының өкілеттіктерін орындауды ол болмаған кезеңде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Комитеттің мүлкі**

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Сауда және интеграция министрінің  
2022 жылғы " " желтоқсандағы  
№ бұйрығына  
22-қосымша  
Қазақстан Республикасының Сауда  
және интеграция министрінің  
2021 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 658-НҚ бұйрығына  
қосымша

## **"Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) реттеу және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ ішкі саудада Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын Министрліктің ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Комитетке заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" ғимараты.

9. Комитеттің толық атауы:

қазақ тілінде – "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – Республиканское государственное учреждение "Комитет торговли Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаты: ішкі сауданы дамыту және реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

14. Комитеттің құқығына:

1) өз құзыреті шегінде құқықтық актілер шығару;

2) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс-шаралар өткізу;

5) жетекшілік ететін қызмет бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдар (жұмыс топтарын, комиссиялар, кеңестер) құру;

6) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тарту және қорытындылар беру;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру жатады;

8) Министрліктің аумақтық органдардың негізгі қызмет, республикалық бюджетті жоспарлау және атқару мәселелері жөніндегі жұмысын үйлестіру;

9) реттелетін салада Министрліктің аумақтық органдар мен ұйымдарға, заңды және жеке тұлғаларға Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әдіснамалық және консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

10) Министрліктің аумақтық органдарынан Министрліктің және Комитеттің бұйрықтары мен тапсырмаларының уақтылы және дәл орындалуын талап етуге құқығы бар.

Комитеттің міндеттері:

1) Комитетке жүктелген міндеттемелер мен функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерінің сақталуы;

3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірулер дайындау;

4) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері және мемлекеттік органдар бұл туралы ресми сұрау салған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну;

5) Комитеттің теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

6) статистикалық есептілікті әзірлеу және Мемлекеттік статистика органдарына табыс ету;

7) Комитетке бөлінген бюджеттік қаражаттың толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

8) жеке және заңды тұлғалардың хабарламаларды, ұсыныстарды, үн қосуларды, сұрау салуларды және жолданымдарды тыңғылықтылықпен, мұқияттылықпен қарау;

9) Комитет жұмысында "халық үніне құлақ асатын мемлекет" моделінің қағидаттарын іске асыру, Комитеттің азаматтар мен азаматтық қоғам институттары үшін қолжетімді болу;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу.

15. Комитеттің функциялары:

1) сауда қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

2) мемлекеттік сауда саясатын қалыптастырады;

3) Қазақстан Республикасының ішкі нарығын қорғау бойынша шаралар қолданады;

- 4) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының сауда шараларын қолдану мәселелері жөніндегі жұмысын үйлестіреді;
- 5) Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі – ДСҰ) жұмыс органдарымен және ДСҰ мүшелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
- 6) ДСҰ-ның Дауларды шешу органымен өзара іс-қимыл жасайды;
- 7) ДСҰ-ның жұмыс органдарымен және мүшелерімен өзара іс-қимыл жасау мәселелері жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- 8) ДСҰ мәселелері жөніндегі ақпарат орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді ;
- 9) сыртқы сауда қызметінің кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолданады;
- 10) әкелу немесе әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін, сондай-ақ қажет болған кезде оларды есептеу тәртібін бекітеді;
- 11) сыртқы сауда қызметін реттеудің кедендік-тарифтік, тарифтік емес, сауда және өтемақы шараларын қолдану, өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстарды қарау тәртібін айқындайды;
- 12) сауда қызметін дамыту, сондай-ақ тауарларды өндіру және сату үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 13) сауда қызметін реттеу саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;
- 14) ішкі сауда қағидаларын бекітеді;
- 15) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша көтерме-тарату орталықтарына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;
- 16) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төмен нормативтерін әзірлейді және бекітеді;
- 17) бөлшек саудадағы азық-түлік тауарларының табиғи кему нормаларын әзірлейді және бекітеді;
- 18) тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оның қолданысының күшін жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ тауарды шығарған елді айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын белгілейді;
- 19) тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру және оның қолданысының күшін жою жөніндегі қағидаларда көзделген тәртіппен, тауар әкелінетін елдің уәкілетті органдарының сұрау салулары негізінде тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды берудің негізділігін, оларда қамтылған

мәліметтердің анықтығын және дайындаушылардың тауарларды шығарған елді айқындау өлшемшарттарын орындауын верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады ;

20) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, тауарларды шығарған елді растау мақсатында экспорттаушыларды тауар әкелінетін елдердің ақпараттық жүйелерінде тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізуге бастамашы болады, оларға қатысады және оларды ұйымдастырады;

22) халықаралық сауда-экономикалық ұйымдарымен және интеграциялық бірлестіктермен, шет мемлекеттермен, шет мемлекеттердің одақтарымен келіссөздерде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан әрекет етеді;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекелеген тауарлардың экспортын және (немесе) импортын лицензиялауды жүзеге асырады;

24) тоқсан сайын тауардың шығу тегі туралы сертификат беруге уәкілеттік берілген ұйым беретін, тауардың шығу тегі туралы берілген сертификаттар жөніндегі ақпаратты талдау арқылы мониторинг жүргізуді, сондай-ақ уәкілетті органның (ұйымның) ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының және (немесе) шетел тауарының мәртебесін айқындау мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

25) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін айқындау мақсатында макроэкономикалық талдау жүргізеді;

26) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағалардың шекті мәндерін және оларға рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін белгілеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

27) тарифтік жеңілдіктер беру қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ тарифтік жеңілдіктер берілетін тауарлар тізбесін бекітеді;

28) өтемақы шарасын қолданудың орындылығы туралы қорытынды дайындау мақсатында тергеп-тексеру жүргізеді;

29) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын талаптарды, оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту тәртібін бекітеді;

30) реттелетін сала бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

31) сауда қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **3-тарау. Комитет қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Комитетті басқаруды Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты төраға жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

3) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілік мәселелерін шешеді;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

6) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар не сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің туындауына ықпал ететін іс-әрекеттер тіркелген жағдайларда, бұл туралы Министрліктің басшылығын хабардар етеді;

8) Комитет қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

9) Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

10) республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және Мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтің жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

11) бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларды тексеру нәтижелері бойынша актілерге жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді өзінің орынбасарларына береді.

12) Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді.

13) Комитет қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

14) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Комитеттің мүлкі**

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.